




**АСТАНА АКШАМЫ**

## ЖАН-ДУНИЕНІҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Ұнатқан әннің композиторына емес, ең алдымен мәтін авторына мән беру әдеттіміз болып кеткен. Сол сияқты ақын Марфуга Бектемірованың есімін алғаш рет әнші Ералхан Эбішев орындағайтын «Аққұым менің, қайдасың?» әні шыққан кезде танылдық. Сонда осы әннің сөзін жазған адамның жыр аққуы атанған Марфуга Айтхожинамен аттастығына назар аударғанбыз. Бұл бергі жағы екен, Марфуга Бектемірова мен орыстың атақты ақыны Марина Цветаеваның жылдары басқа болғанмен, тұган күндері бір болып шықты.



акынға балайды. Көтеретін тақырыбын тап басып: «Оның өлеңдерінің алтын арқауы – адам, қоғам, табиғат. Түптеп келгенде, өнер атаулының тұғыры да осы үштаған. Бір-бірімен ұлы тұстастықта болатын осы үштаған құбылыстан Марфуга бәрін-бәрін де таба алған, тани да алған. Оның өлеңдерін оқығанда жүргегің тазарады, үлкен арманның әлдіне бөлениесің. Туған жеріннің қадір-қасиетін тереңірек сезіне түсесің» дейді ол.

Кітапты әрі қарай оқи келе, Ақселеу Сейдімбектің автордың шығармашылығы туралы айтқан пікіріне қосыласың. «Өмірімнің мәні» аталатын екінші тараудағы әнгімелерден жылышық есетінін байқайсың. Сұлу Көкше өңірінің перзенті Марфуга Бектемірова онда ауыл өмірін, бала кезінде өзі көрген, көңіліне түйген құбылыстардың сырын ашады. Әсіресе, «Анамның аққулары» атты шығармасы оқырманды бей-жай қалдырмайды. Автор мұнда аккулардың тілін тапқан анасының өлімінен кейін табиғаттың

Тағдыр мандайына ұзақ ғұмыр жазбаған екі ақын да поэзиядан бөлек прозаға қалам тартты. Жақында ақын ретінде танылған Марфуғаның қаламгерлік қарымын байқаттын «Нұрлы дүние» атты кітап қолымызға тұсті. Ақынның жары Есенгелді Сүйінов құрастырған кітапта белгілі тұлғалардың Марфуга Бектемірова жайлы кезінде айтқан пікірлері, автордың әнгімелері мен сұхбаттары жинақталған.

«Жақсы сөз жақсылыққа жетелейді» атты кітаптың беташар тарауындағы бір пікірге көніл аударайық. Алаштың аяулы азаматы, ғалым Ақселеу Сейдімбек Марфуга Бектемірованың жекелеген шумактарын талдай келе, оны дегдар

осынау нәзік жаратылысының және жетім қалған баланың қүйін ғажап астастырған.

Кітаппен аттас «Нұрлы дүние» әңгімесі «Атам, әжем және мен», «Мектепке бару хикаясы», «Молданың емі», «Қорлық», «Интернаттағы өмір» аталатын жеке-жеке бөлімдерге бөлінген. Мұнда да баланың психологиясы жақсы ашылған. Жалпы, кітапты оқи отырып, автордан тамаша балалар жазушысы шығатын еді деп ойладық. «Өмірімнің мәні» тарауындағы әзіл әңгімелер автордың осы жанрды да менгергенін байқатады.

Марфуға Бектемірова қаламы қарымды журналист те болатын. Оны кітапты қорытындылайтын «Асыл ағалармен сырласу» тарауынан көреміз. Мұнда Ақселеу Сейдімбек, Сәбит Досанов, Нұрғожа Ораз, Несілбек Айтұлы, Тұрлыбек Мәмесейіт сынды қазақ руханиятына еңбек сіңірген тұлғалармен сұхбаттары топтасқан. Автор онда тіл, ұлт тағдыры, ауыл тынысы сынды көкейкесті тақырыптарды көтереді.

Жұқа ғана кітаптан автордың жан-дүниесі көрінеді. Есенгелді Сүйіновтің айтуынша, ақынның артында тағы бес-алты том болатындағы еңбегі қалды. Соның ішінде Анна Ахматованың өлеңдерінің аудармаларынан бастап өз өлеңдері, мақалалары мен сұхбаттары бар. Сондай-ақ, Марфуға Бектемірова – 20 шақты әннің авторы. Олардың барлығын жинақтап шығару да – уақыттың еншісінде. Ал, өзіміз сөзіміздің басында келтірген «Аққұым менің, қайдасын?» әннің мәтінін автор сегізінші сынныңта оқып жүргенде жазған екен. Жүрек қылын шертетін осындай туындылары ақынның шығармашылығында әлі де кездеседі. Композиторлар тек осы күнге дейін жарық көрген жыр жинақтарын тауып, оқи білу керек...

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**